

егемен

Казакстан

Ұлы ұйымның ұмтылысы

“... өз өмірімізде адамзатқа екі рет сөзбен айтып жеткізгісіз қайғы-қасірет алып келген соғыс сұмдығынан болашақ ұрпақтарды құтқару үшін, адамның негізгі құқықтарына, жеке тұлғаның қадірі мен қасиетіне, ер кісі мен әйелдің тең құқықтығына, саны көп және аз ұлттардың теңдігіне деген сенімді қалпына келтіру үшін...”.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы осындай сөздермен басталады. Дүние дидарындағы ел атаулының бәрін дерлік біріктіретін, ең ықпалды, ең беделді, ең әмбебап, шын мәнінде ұлы ұйымның ұлы міндеті бұл құжаттың әр жолында жаңғырығып жатыр. Осыдан алпыс екі жыл бұрын, жер-жаһанды жалынға орап, миллиондаған жандардың өмірін жалмаған сұмдық соғыс өртінің күлі суымай жатып, 1945 жылғы 24 қазанда (бұл күн жыл сайын Біріккен Ұлттар Ұйымының күні ретінде аталып өтеді) әлемдегі бейбітшілікті, халықаралық ынтымақтастықты дамыту және ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатымен құрылған, әу баста 51 мемлекеттің басын біріктірген бұл ұйымның құрамында бүгінде 192 ел бар. Оның Бас Ассамблеясының сессиясы жылына бір рет өткізіледі. Биылғы сессия – 62-ші.

Осы жылдар ішінде мына жұмыр Жердің бетінде не болып, не қоймады десеңізші. Сол оқиғалардың арасында Біріккен Ұлттар Ұйымы араласпағаны, өз сөзін айтпағаны, нақты ықпалын жасамағаны некен-саяқ. Бүкіл адамзатқа бірдей ұнайтын ұйым құру мүмкін емес. Біріккен Ұлттар Ұйымына разылар жетіп жатыр, наразылар да аз емес. Әйтсе де, мына жайдың басы ашық: БҰҰ құрылғалы бері Жер планетасындағы халықаралық қарым-қатынастар жаңа сипатқа ауысты. Талай ғасырлар бойғы әлемдік әлімжеттік әлсіреді, біреудің жерін біреудің басып ала қоюы толық тоқтамағанмен, бүкіл дүниені шулыған жасайтын озбырлық оқиғасына айналды, олардың талайына қарулы жолмен бұғалық салынды, талайы

экономикалық санкциялармен, халықаралық қауымдас-тықтың құрсауға алуымен титықтатылды. БҰҰ – бүкіләлемдік үкімет емес. БҰҰ – бүкіләлемдік парла-мент емес. Ол қаулылар шығармайды, заңдар қабылдамайды. БҰҰ ұсыныс жасайды, өтініш білдіреді, кеңес береді. Соның өзінде де ұсынысының жарлықтан, өтінішінің заңнан, кеңесінің кесімнен өтіп кететін кездері көп. Жарғысына сәйкес төрт мақсатты: халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауды, ұлттар арасында достық қарым-қатынастарды дамытуды, халықаралық мәселелерді шешуде ынтымақтастықты жүзеге асырып, адам құқықтарына құрметпен қарауды қолдауды, ортақ мұраттарға қол жеткізуде ұлттардың бірлескен іс-қимылының орталығына айналуы көздейтін бұл ұйым Бас Ассамблеясының әр сессиясы – әлемдік деңгейдегі ірі оқиға.

Ассамблеяның жыл сайынғы сессиялары қыркүйек пен желтоқсанның аралығында өтеді. Сессиялар арасында жер жүзіндегі жағдайды мiгiрciз бақылап отыратын, әлемдегi бейбiтшiлiкке қауiп төнген жағдайда күн демей, түн демей кез келген уақытта шұғыл жиналуға мiндеттi Қауiпсiздiк Кеңесi бар. Оның 15 мүше елiнiң бесеуi тұрақты: Қытай, Ресей Федерациясы, Бiрiккен Корольдiк (Ұлыбритания), Құрама Штаттар (АҚШ), Франция. Қалған он мүшенi Бас Ассамблея екi жылдық мерзiмге ауыстырып сайлап отырады. Кейiнгi кезде Кеңес құрамына бүгiнгi саяси және экономикалық жағдаяттарға сәйкес өзгерiстер енгiзу жөнiнде жиi-жиi әңгiме болып жүр. Жалпы, өзгерiссiз өмiр өшпек десек, БҰҰ сияқты тапжылмастай тұрақты ұйымның тыныс-тiршiлiгiне де iшiнара толықтыру, түзетудiң уақыты келген де сияқты. Басқа жағын былай қойғанда, бұл ұйымның жұмыс ауқымының өзi анағұрлым артып кеткен. Кейiнгi тоғыз жылдың өзiнде ғана бейбiтшiлiк миссиясымен жұмыр Жердiң қиыр-қиырында жүрген азаматтық және әскери құрамның саны 20 мыңнан 80 мың адамға жеткен, Хатшылық иелiк ететiн қаржының көлемi екi есе артып, 18 миллиард АҚШ долларына

барған. Мұның бәрі ұйымның қазіргі құрылымы мен жүйесіне тым көп салмақ түсіруде. Сонан да БҰҰ-ның бұның алдындағы Бас хатшысы Кофи Аннан өз қызметіне кірісе сала ұйымды реформалау қажеттігін айтқан болатын. Бұл міндеттің қаншалықты күрделілігін 5 жыл мерзімге сайланған К.Аннанның осы мәселе бойынша “Азаттық артқан жағдайда” деп аталған баяндамасы ол қызметтен кетердің алдында, 2006 жылы ғана дайындалып үлгергендігінен-ақ шамалай беріңіз. К.Аннанның орнына келген жаңа Бас хатшы Пан Ги Мун да БҰҰ-ны реформалау жаңа әкімшіліктің жұмысындағы басым бағыттардың бірі ретінде ұсталатындығын мәлімдеп отыр. Ол өз қызметіне кірісерде БҰҰ-ның негізгі үш міндеті болып табылатын қауіпсіздік, даму мен адам құқы бағыттарын нығайта түсу, Хатшылықтың жұмысына тың тыныс беріп, оған деген сенімді қалпына келтіру, адам ресурстарын басқаруды жетілдіру, этиканың, кәсібилік пен есеп берушіліктің ең жоғары стандарттарын орнату, Хатшылық пен ұйымға мүше елдердің арасында жаңа қарым-қатынас қалыптастыру сияқты маңызды мәселелерге бөлекше назар салатынын айтты. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев та БҰҰ жұмысына уақыт талап еткен өзгерістер енгізу қажеттігі жөнінде мәлімдеген.

“Қазақстан БҰҰ-ның толық құқылы мүшесі болды. Бұл фактінің маңызына баға жеткісіз: біз халықаралық құқықтың негіз қалаушы принциптеріне ықыласты екенімізді қуаттап қана қойған жоқпыз, ғаламдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі негізгі жұмысты өзіне жүктеген осы аса ықпалды халықаралық ұйымның өзіндік бір қорғауына алындық” – Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың егемендігіміздің елең-алаңында, тәуелсіздігіміздің тәй-тәй басқан тұсында айтқан осы сөзінде үлкен мағына жатыр. Бұл сөз дербес даму жолына жаңа түскен кешегі кезімізге де, кемелімізге келетін келешегімізге де бірдей ортақ. Жері үлкен, кені көп, елі аз біздей мемлекетке қандай қорғау да қай кезде болсын артықтық етпейді.

Қазақстан БҰҰ мүшелігіне 1992 жылғы 2 наурызда Ұйым Бас Ассамблеясының 46-шы сессиясында 46/224 қарармен бірауыздан қабылданған. Бұл шешім елімізге қауіпсіздік пен сенім шараларының дамыған инфрақұрылымына кірігуге, жас мемлекеттің егемендігін едәуір нығайтуға мүмкіндік берді. Елбасымыз Қазақстан халықаралық ауқымда танылмайынша, әлемдік қоғамдастық тарапынан қауіпсіздік, аймақтық тұтастық пен шекаралардың мызғымайтынына кепілдік алмайынша, мемлекеттіліктің қалыптасуы, егемендік, экономикалық реформалар, әлеуметтік саланы дамыту туралы әңгіме қозғау құрғақ сөз болып қана қалатынын ескере келіп, елімізді тәуелсіз мемлекет ретінде орнықтыру, ішкі проблемаларға жұмылу мүмкіндігін алу үшін әлемдегі өз орнымызды табу, бүкіләлемдік қоғамдастық таныған ел болуды талап ететінін атап айтты сол тұста. Айналасы он алты жылдың ішінде ол күн де келіп қалды.

Қазақстан осы жылдарда мемлекеттердің халықаралық қоғамдастығына етене кірігіп қана қойған жоқ, сол ортадан өзіне лайық орынды да ала білді. Елбасымыз салған беттен жасаған ірі ұсыныс – Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөнінде Кеңес шақыру идеясы ақыры жүзеге асты. Алматыда көне құрлықтың бетке тұтар мемлекеттерінің басшылары бас қосып, Азияны өз ұяға айналдырудың жолдарын ақылдасты. БҰҰ бақылауында болатын Орталықазиялық бейбітшілік батальоны (Центразбат) құрылды. Қазақстан делегациясы 2000 жылғы Мыңжылдық саммитіне қатысып, Мыңжылдық декларациясы мен Мыңжылдықтағы даму мақсаттарына қол қойды. 2002 жылы Елбасымыздың Оңтүстік Африка Республикасына сапарын газет бетінде көрсетуге барғанымызда БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі Йоханнесбург саммитінде Қазақстан басшысының сөзіне қандайлық ықылас бөлінгеніне куә болғанбыз. Теңізге шығар жолы жоқ елдерге арналған БҰҰ конференциясы, БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының Азия және Тынық мұхит

елдеріне арналған 63-ші сессиясы (ЭСКАТО) сияқты ірі халықаралық форумдар да біздің еліміздің бастамасы бойынша шақырылды.

Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымымен қарым-қатынасы сан салалы. Жер түбінен жанталаста жолданып жатқан мына материалда оның бәрін қозғай қою да қиын.

Бүгін – Елбасының Америка сапарының басты күні. Бүгін Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев әлемнің ең биік мінберінен сөз сөйлейді.

Авторы: Сауытбек Абдрахманов – Нью-Йорктен.